

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті Гуманитарлық пәндер  
мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің  
№ 1 хаттамасы**

**Түркістан қаласы**

**13.10.2022 ж.**

**Катысқандар:** т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, т.ғ.д., профессор Х.Тұрсын, т.ғ.д., профессор М.Қожа, т.ғ.к., доцент М.Жолсейтова, т.ғ.к., профессор м.а Э.Зұлпыхарова, т.ғ.к., доцент Л.Динашева, п.ғ.к, доцент м.а. М.Рустамбекова, т.ғ.к., доцент м.а. З.Адилбекова, т.ғ.к., доцент м.а. А.Сандыбаева, т.ғ.к., доцент м.а. М.Сәулембекова, т.ғ.к., доцент м.а. Г.Жораева, т.ғ.к., доцент м.а. Н.Каттабекова, т.ғ.к., доцент м.а. А.Джумадуллаева, т.ғ.к., доцент м.а. Е.Төлегенов, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, PhD М.Гурсой, PhD Б.Сиздиков, PhD Хазретәліккызы Райгул, магистр-окытушылар: А.Агайдарова, Ш.Нурманова, Е.Джандарбаев, Эрен Ақдениз, аға лаборант Э.Алтынбекова, лаборант С.Пернебай.

**Күн тіртібі:**

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу
4. ББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жүргізу.

**Тындалды.**

**АҚ төрағасы Л.Динашева:** Бұғынгі күн тәртібінде АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу мәселесіне тоқталайық. АҚ кадрларды даярлау бағытындағы барлық деңгейде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлең, ББ Реестрінде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық ұйымы болып табылады. АҚ – университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Ереже Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес құрылған Академиялық комитеттердің жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

**АҚ қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері:** жаңа немесе инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу; қолданыстағы ББ жаңарту мақсатында өзіндік бағалау; өзіндік бағалау нәтижелерінде қолданыстағы ББ өзектендіру мақсатында АҚ және кафедра менгерушілері нақты іс-шаралар жоспарлап, жүргізеді.

**Қ.Базарбаев:** екінші мәселе бойынша ББ жасауда кадр даярлау бағытына сәйкес нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін анықтау, кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізу, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізу жұмыстары маңызды. Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АҚ жетекшілігімен нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады, қазір және болашақта қандай мамандар қажет, түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит), кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі, өнірде/жақын өнірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма, бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары талданады.

**М.Салғараев:** үшінші мәселеге байланысты университет түлектерінің моделін әзірлеуде университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізу қажет. Кафедра түлегінің моделі

білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы қазіргі заманғы орта мектептің жаңартылған мазмұны жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруға, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті түлектің портреті қалыптасады. Түлек моделі өз дағдылары бойынша тұрақты жұмыс істеуді, өмір бойы білім алуды, педагогтың қоғам алдындағы әлеуметтік миссиясын орындауды көздейді. Еңбек нарығының сұраныстарын қанағаттандыру үшін білім саласында жоғары білікті мамандар даярлау, бітірушіге таңдалған қызмет саласында табысты жұмыс істеуге және еңбек нарығында тұрақты болуға мүмкіндік беретін құзыреттерді қалыптастыру қажет.

**А.Сандыбаева:** ББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жүргізу. Оку бағдарламаларын қайта қарастыру басым жүргізілетін үрдіс болып табылады, бірақ ол аралас мақсаттарды да көздейді: Жоғары білім беруге ниеттестік деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін көп деңгейлі оку бағдарламалары енгізіледі. Олар ұсынылатын оку курсарының санын азайтуға, оқытудың әртүрлі әдістерін (атап айтқанда, модульдік) көбейтуге бағытталған. Сонымен катар, оқытуды негұрлым қолайлы (икемді) етуге (мысалы толық емес жұмыс күні әдісімен оқыту) және білім беруді «виртуалдандырудың» белгілі бір дәрежесін қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру мен оқытудың басқа да жаңа түрлеріне бейімделген. Сапаны қамтамасыз ету – бұл ұсынылған білім беру бағдарламаларының көбеюіне қарамастан, белгілі бір стандарттағы аккредиттеу жоғары білімнің кепілі. Жоғары білім берудің үрдістері (бағалау) мен бәсекелестік ұстанымдар (белгілі бір қалыпқа келтіру) бағаланады. Өзіндік бағалау нәтижелерінде қолданыстағы ББ өзектендіру мақсатында АК нақты іс-шаралар жоспарлап, жүргізеді: ББ түлегі моделінің айқын көрінісін (оқыту нәтижелерін), оларды қалыптастыратын модульдердің (пәндердің) мазмұнын анықтайды, жаңартады; ББ шенберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтайды, оларды 100% қанағаттандыратын білікті оқытушылармен қамтамасыз етеді. Егер ол мүмкін болмаса, онда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс жариялайды; ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалады.

**Шешім:** Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын. Қазан айының атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:

Л.Динашева

Хатшы:

А.Оспанова